

Капасова Айгерим Шугаевнаның 8D02301-Филология білім беру бағдарламасы бойынша жазылған «БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері және репрезентациясы» атты диссертациялық жұмысына

Сын-пікір

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің біріне арналған. Диссертант бұқаралық ақпарат құралдарындағы интертекстуалдылық құбылысын кешенді түрде қарастырып, оның типологиясын, қызметін және ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтауды мақсат еткен. Қазіргі ақпараттық қоғамда медиамәтіндердің ықпалы ерекше артқан жағдайда, мұндай тақырыптың өзектілігі айқын. Жаһандық ақпарат ағынында мәтіндер арасындағы байланысты, мәдени кодтардың БАҚ арқылы берілуін зерттеу – тек тіл білімінде ғана емес, мәдениеттану мен әлеуметтануда да маңызды міндет болып отыр.

Зерттеу қазіргі медиалингвистика аясындағы жаңа бағыттардың бірі – интертекстуалдылықты қарастырады. Бұл құбылысты автор тек көркем әдебиеттен ғана емес, қоғамдық дискурстағы негізгі арна – медиамәтіндерден іздейді. Қазақстандық тіл білімінде медиазерттеулердің аздығы белгілі. Сондықтан диссертанттың таңдаған нысаны ұлттық ғылымға тың серпін береді. Әсіресе, ұлттық код пен мәдени жадтың БАҚ арқылы трансляциялануын көрсету – ғылыми тұрғыдан да, қоғамдық тұрғыдан да аса маңызды.

Теориялық негіздің беріктігі. Диссертацияның ғылыми негіздері терең. Автор интертекстуалдылық теориясын қалыптастырған классиктердің (М. Бахтин, Ю. Кристева, Ж. Женетт, Р. Барт, Ю. Тынянов, Н. Фатеева және т.б.) еңбектеріне сүйенеді. Сонымен қатар қазақ тіл біліміндегі зерттеулерді (А. Әділова, Б. Абдыханова, Г. Мәдиева, С. Иманбердиева, Г. Ихсанғалиева, т.б.) жан-жақты қарастырып, олардың тұжырымдарын жаңаша қырынан толықтырған. Бұл диссертацияның теориялық аппаратының мықтылығын көрсетеді.

Дереккөздердің кеңдігі. Зерттеу дереккөздері өте ауқымды. 2010–2025 жылдар аралығында жарық көрген ұлттық мерзімді басылымдардың («Жас Алаш», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Айқын», «Ана тілі», т.б.) 400-ге жуық мақаласы қарастырылған. Сонымен қатар интернет ресурстарынан алынған материалдар да қамтылған. Мұндай көлем жұмыстың репрезентативтілігін арттырып, қорытындылардың ғылыми сенімділігін күшейтеді.

Әдістемелік жанашылдығы. Зерттеу барысында дәстүрлі мәтінтанулық әдістермен қатар инновациялық тәсілдер қолданылған. Автор Google Forms арқылы сауалнама жүргізіп, оқырман қабылдауын эмпирикалық тұрғыдан саралаған. Бұл медиазерттеулерде сирек кездесетін тың әдіс. Екінші бір артықшылығы – Python бағдарламалау тілін пайдаланып, прецедентті феномендерді автоматты түрде тану алгоритмін жасалған. Мұндай пәнаралық қадам қазақ тіл білімінде бұрын қолданылмаған. Демек, диссертация тек лингвистикалық тұрғыдан ғана емес, компьютерлік лингвистика мен деректер (big data) ғылымы тұрғысынан да маңызы бар еңбек болып табылады.

Нәтижелердің ғылыми құндылығы.

Зерттеу нәтижелері айқын әрі маңызды:

- БАҚ мәтіндеріндегі интертекстуалдылықтың негізгі типтері (аллюзия, реминисценция, цитата) жүйеленіп, нақты мысалдармен сипатталған.
- Прецедентті құбылыстардың ұлттық кодты танытудағы қызметі мен мәдени жадыны трансляциялаудағы рөлі дәлелденген.
- Жұмыста алғаш рет «прецедентті символ» термині енгізіліп, теориялық базаны толықтырған.
- Қазақ медиамәтіндеріндегі интертекстуалдылықтың прагматикалық әлеуеті нақты айқындалып, оның оқырманға әсер ету деңгейі эмпирикалық жолмен сараланған.

- Python негізінде құрылған қолданбалы модель пәнаралық интеграцияның сәтті үлгісі ретінде ұсынылған.

Бұл нәтижелер қазақ тіл білімінде медиамәтіндерді зерттеудің жаңа кезеңін бастайтынын айғақтайды.

Практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде «Мәтін теориясы», «Медиалингвистика» сияқты пәндерді оқытуда пайдалануға болады. Сонымен қатар диссертацияның материалдары оқу құралдарын, әдістемелік нұсқаулықтарды құрастыруға негіз бола алады.

Python арқылы жасалған автоматты талдау үлгісі медиамәтіндерді цифрлық ортада өңдеу мүмкіндігін ашып, болашақта жасанды интеллектпен ықпалдастыруға жол ашады. Бұл зерттеу тек академиялық қана емес, қолданбалы құндылығы зор еңбек екендігін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, Каппасова Айгерим Шугаевнаның диссертациялық жұмысы қазақ медиалингвистикасы, мәтін лингвистикасы және лингвомәдениеттану салаларына айрықша үлес қосатын еңбек болып табылады. Жұмыстың ғылыми жаңалығы, пәнаралық сипаты, дереккөздік кеңдігі және практикалық маңызы ерекше бағалауға лайық. Диссертация PhD дәрежесін алу үшін қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді және диссертант 8D02301-Филология білім беру бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алуға әбден лайықты деп есептеймін.

**“Bolashaq” Академиясы,
Ғылым және халықаралық байланыс
басқармасының басшысы, PhD**



Б.Р.Хасенов



Қолданған қалды растағаны

ҚБ басшысының м.с. Дасево Н.В.

